

«ҚТЖ-Жүк тасымалы» ЖШС мен оның еңбек ұжымы арасындағы 2018-2020 жылдарға арналған ұжымдық шартқа №8 қосымша келісім

Нұр-Сұлтан қ.

2020 жылғы «08» қыран

«ҚТЖ-Жүк тасымалы» жауапкершілі шектеулі серіктестігі, Жарғы негізінде әрекет жасаушы «ҚТЖ-Жүк тасымалы» жауапкершілі шектеулі серіктестігінің Басқарма Төрағасының (Бас директордың) м.а. Қ.А.Сауырбаев тұлғасында және «ҚТЖ-Жүк тасымалы» жауапкершілі шектеулі серіктестігі қызметкерлерінің төрағасы - «Қазақстан салалық темір жол, автомобиль, әуе және су көлігі қызметкерлерінің кәсіби одағы» қоғамдық бірлестігі (бұдан әрі – Кәсіподақ), 21.12.2017 жылғы №37 Бас сенім хат негізінде әрекет ететін, «ҚТЖ-Жүк тасымалы» - Кәсіподақ филиалы Төрағасы Е.Н.Тулегенов тұлғасында, «ҚТЖ-Жүк тасымалы» ЖШС мен оның еңбек ұжымы арасындағы 2018-2020 жылдарға арналған ұжымдық шартқа (бұдан әрі- Ұжымдық шарт) осы төмендегі туралы Қосымша келісім (бұдан әрі- Қосымша келісім) жасасты:

1. «ҚТЖ-Жүк тасымалы» акционерлік қоғамын «ҚТЖ-Жүк тасымалы» жауапкершілі шектеулі серіктестігіне айналдыру жолымен қайта құруға байланысты (Нұр-Сұлтан қаласы бойынша «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорация» коммерциялық емес акционерлік қоғамы филиалының жылжымайтын мүлікке және заңды тұлғаларға құқықтарды тіркеу Басқармасының 28.08.2020 жылғы №10100443928753 заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу туралы куәлігі), «ҚТЖ-Жүк тасымалы» жауапкершілі шектеулі серіктестігі Жұмыс беруші ретінде қарастырылсын (бұдан әрі - «ҚТЖ-Жүк тасымалы» ЖШС)

«ҚТЖ-Жүк тасымалы» ЖШС мен оның еңбек ұжымы арасындағы 2018-2020 жылдарға арналған ұжымдық шартқа келесі өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

Жалпы ұғымдар атты I. Бөлімде:

«Зейнеткерлер» ұғымы келесі мазмұндағы 5) тармақшамен толықтырылсын:

«5) зейнеткерлікке ерте шығу тәртібін қарастыратын жергілікті актіге сәйкес тараптардың келісімі бойынша еңбек шартын бұзған;»;

1.2. VI бөлім 12 тармақта:

1) тармақша:

г) абзацында:

«оған теңестірілген өнімдер» сөздерінен кейін «, уәкілетті органдар берген және олардың еңбек жағдайлары зиянды жағдайда жұмыс жасайтын персонал үшін диеталық профилактикалық азық-түлік ретінде тағайындалуын растайтын құжаттары бар» сөзімен толықтырылсын;

«химиялық заттарды қолданумен» сөздерінен кейін келесі мазмұндағы сөйлеммен толықтырылсын: «(Осы Келісімге 10 қосымша). Химиялық заттарды өндіруге немесе қолдануға байланысты, аусымына 0,5 сүт беріледі, жұмыста нақты жұмыс істеген күндері, оның ұзақтығына қарамастан. Сүтті оған теңестірілген азық-түлік өнімдерімен ауыстырған жағдайда оларды сүтті

ауыстыратын шамада және өнімнің мемлекеттік тіркелуі туралы куәлікке қосымшада көрсетілген тәсілмен пайдалансын.»

4) тармақшаның екінші абзацы «зейнеткерлік жасқа толуы бойынша» сөздерінен кейін «немесе зейнеткерлікке ерте шығу тәртібін қарастыратын Компанияның жергілікті актісіне сәйкес.» сөздерімен толықтырылсын;

1.3. VII бөлімнің 13 тармағы:

2) тармақшасының :

б) абзацы келесі редакцияда жазылсын:

«б) бала тууына, асырап алуына байланысты – 30 АЕК мөлшерінде, 4, 5 класты станцияларда және разъездерде жұмыс істейтін қызметкерлерге- 40 АЕК мөлшерінде.

Материалдық көмек әрбір балаға төленеді.»;

в) абзацының үшінші абзацында «оқиға болған күннен бастап, растаушы құжаттарды қоса тіркеумен» сөздері «мемлекеттік органдардан оқиғаның болғаны туралы растаушы құжаттарды алған күннен бастап» сөздерімен ауыстырылсын;

5) тармақшада:

б) абзацында:

«материалдық көмек көрсету» сөздері «санаторлық-курорттық сауықтыруға арналған жолдамалар беру/материалдық көмек көрсету» сөздерімен ауыстырылсын;

13) тармақшадағы «зейнеткерлік жасқа» сөздерінен кейін «, зейнеткерлікке ерте шығу тәртібін қарастыратын Компанияның жергілікті актісіне сәйкес тараптардың келісімі бойынша еңбек шарттарын бұзған қызметкерлерден басқа» сөздерімен толықтырылсын;

30) тармақшаның екінші абзацында «Бюджетте қызметкерлердің балаларына сатып алу үшін қаражат қарастыру» сөздерінен кейін «, соның ішінде еңбек қызметімен байланысты жазатайым оқиға нәтижесінде еңбекке қабілеттілігін толық немесе ішінара жоғалтқан немесе қаза тапқан қызметкерлердің балаларына,» сөздерімен толықтырылсын;

Келесі мазмұндағы 36) тармақшамен толықтырылсын:

«36) жыл сайын Компанияның бюджетінде бөлінген қаражат шектерінде номинаттар мен жеңімпаздарды қоспағанда, «Жоба-менеджмент» конкурсының үміткерлеріне 20 АЕК мөлшерінде бір реттік материалдық көтермелеуді жүзеге асыруға.

Конкурстың тәртібі мен шарттары «ҚТЖ-Жүк тасымалы» ЖШС жергілікті актілерімен анықталады».

1.4. VIII бөлім 14 тармақта:

3) тармақшасының а) абзацы келесі редакцияда жазылсын:

«а) темір жол ұйымынан зейнеткерлікке жасы бойынша немесе зейнеткерлікке ерте шығу тәртібін қарастыратын «ҚТЖ-Жүк тасымалы» ЖШС жергілікті актісінің шеңберінде кеткен және теміржол көлігінің 25 жылдан кем емес жұмыс өтілі бар;»;

1.5. IX бөлім 15 тармақта:

13) тармақшада «бөлінген» сөзінен кейін «Жұмыс беруші» сөзімен толықтырылсын;

1.6. X бөлім 16 тармақта:

10) тармақша келесі редакцияда жазылсын:
«10) Кәсіподаққа жыл сайын «ҚТЖ-Жүк тасымалы» ЖШС қызметкерлері үшін дене шынықтыру-сауықтыруға қаражат бөлуге»
1.8. 9 қосымшада:

Келесі мазмұндағы 16-1 тармақшамен толықтырылсын:
«16-1. Келісу комиссиясы өтініш берушіні келісім комиссиясы отырысының орны, күні мен уақыты туралы отырысқа дейін 2 (екі) жұмыс күнінен кешіктірмей хабардар ету.

Қызметкерге немесе оның өкілі аталған комиссияның отырысына келмеген жағдайда еңбек дауын қарау екі жұмыс күнінен артық емес мерзімге шегеріледі, ал бұл туралы Қызметкер мен Жұмыс беруші хабардар етіледі. Қызметкер немесе оның өкілі аталған комиссияның отырысына дәлелді себептерсіз екінші рет келмеген жағдайда келісу комиссиясы мәселені қараудан алып тастау туралы шешім шығара алады.

Дауды қызметкер немесес оның өкілі болмаған жағдайда қарауға оның жазбаша өтініші бойынша ғана рұқсат етіледі.»;

келесі мазмұндағы 16-2 тармақпен толықтырылсын:
«16-2. Қызметкер келісу комиссиясы отырысы басталғанға дейін немесе тікелей келісу комиссиясының отырысына қойған талаптарынан бас тартуға құқылы. Қызметкердің қойған талаптардан бас тартуы жазбаша рәсімделеді.»;

келесі мазмұндағы 19-1 тармақпен толықтырылсын:
«19-1. Тараптар келісім комиссиясының отырысына істің жағдайын түсіндіру үшін ұйымның комиссия мүшелері болып табылмайтын мамандарын, куәларды тартуға, Жұмыс берушіден еңбек дауын қарау үшін қажетті құжаттарды талап етуге құқылы. Қажетті құжаттаманы белгіленген мерзімде беру туралы келісу комиссиясының талабы басшылардың және қызметкерлердің барлық санаттары үшін белгіленген тәртіппен міндетті орындауға жатады.».

2. Осы Қосымша келісім екі данада мемлекеттік және орыс тілдерінде жасалған және «ҚТЖ-Жүк тасымалы» ЖШС мен оның еңбек ұжымы арасындағы 2018-2020 жылдарға арналған ұжымдық шарттың ажырамас бөлігі болып табылады.

3. Осы Қосымша келісім қол қойылған күннен бастап күшіне енеді және Ұжымдық шарттың қолдану мерзімі үшін жарамды, бұл жағдайда 2 тармаққа сәйкес осы Қосымша келісімнің шарттары Талаптардың 2020 жылғы 09 маусымынан бастап туындайтын қатынастарына қолданылады.

«ҚТЖ-Жүк тасымалы» ЖШС
Басқарма Төрағасының
(Бас директорының) м.а.

«ҚТЖ-Жүк тасымалы»- «Қазақстан
салалық темір жол, автомобиль, әуе
және су көлігі қызметкерлерінің
кәсіби одағы» қоғамдық бірлестігі
филиалының төрағасы



К. Саурбаев
М.П.



М.П.
Е.Тулегенов